

Мазмұны

1. Жалпы мәліметтер.
2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыс.
3. Ғылыми-экспозициялық және көрме жұмысы.
4. Ғылыми-қор және есеп-сақтау жұмысы.
5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.
6. Онлайн жұмыс
7. Музейдің әдістемелік жұмысы.
8. Бұқаралық ақпарат құралдары мен басылым қызметі.
Ғылыми кітапхана және ғылыми архив.
9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.
10. Біліктілікті арттыру.
11. Музейдің материалдық-техникалық базасы.
12. Музейдің қоғамдық активі.
13. Музей қорғанысы.
14. Қорытынды.
15. 2021 жылғы міндеттер.
16. Негізгі көрсеткіштер бойынша есеп.
17. Музей қызметі бойынша есеп (форма №1- жылдық музей).
18. Музей қызметі бойынша есеп (форма 8-НК).
19. Музей қызметкерлерінің жарияланымдары
20. БАҚ музей қызметі туралы
21. Суреттер.



1. Жалпы мәліметтер.

**101404 Қарағанды облысы.
Теміртау қ., Metallургтер даңғылы 28/4
Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының «Теміртау қалалық
тарихи-өлкетану музейі» КМҚК**

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілер үшін 1973 жылдың 6 қарашасында ашылды. Ол төбесі жұмсақ, екі қабатты блок ғимаратында орналасқан. Алғашқысында ғимарат төртінші ықшам аудан сауда орталығына арналған. КСРО МИМ Қарағанды металлургиялық комбинаттың 6.11. 1973 жылғы № 572 бұйрығымен ғимарат ҚТӨМ-ына жалға берілді.

Бірінші қабаттың жартысында азық-түлік дүкені орналасқан. Жалпы аумағы 1098 м², экспозициялық алаң – 700 м², қор қоймасы- 80 м². 1990 жылы музей күрделі жөндеуге жабылды. Ақша құнының құлдырау салдарынан жұмыс көлемі 25% ғана орындалды.

Ол – ғимаратты жөндеу, сонымен қоса алаңы 80 м² экспозиция салынды – «Палеонтология», «Туған өлке табиғаты».

1996 ж. алдында қатып қалған жылу беру жүйесін қалпына келтіргеннен кейін, музейдің екінші қабаттағы бірінші залдары ашылды. 2001ж. музейдің төбесі күрделі жөндеуден өткен соң, музейдің экспозициялық алаңын қолдануға мүмкіншілік туды.

Мәдени орталықтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік бағдарлама жүзіндегі Жол картасы аясында 2009 жылы музей ғимаратының сыртқы келбеті өңделді және 2010 жылы электр және жылу жүйесі, ішкі бөлмелері, төбе жабындысы жөнделді.

Есеп беру кезеңінде музейде 10 зал жұмыс істейді.

№	Залдың атауы	Ашылған жылы
1	Туған өлке табиғаты	1991
2	Палеонтология	1991
3	Көрме залы	1999
4	«Археология» залы	1999
5	«Этнография және Қазақстан халықтар бірлігі » залы	1999-2001, 2006
6	«Қала тарихы» залы	2000,2005,2010
7	«Еске алу» залы	2000-2003,2010
8	«Нумизматика» залы	2001,2008
9	«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы	2009
10	Кіші көрме залы	2010

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;

- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Жоспардың құрылу негізі:

- Мемлекеттік бағдарлама «Рухани жаңғыру»
- ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы
- Қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту: өмір сапасы мен табысын арттыру
- ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру»
- «Қазақстан-2050» стратегиясы
- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идея
- «Ұлт жоспары - бес институциялық реформаны жүзеге асыру бойыншы 100 нақты қадам»
- «Халық тарих ағымында» бағдарламасы
- «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарлама туралы
- «Мәдени мұра» бағдарламасы
- Отаншылдықты тәрбиелеу бағдарламасы
- ҚР мемлекеттік және кәсіби мерекелері
- Ел және қала тарихындағы атаулы күндер

Офлайн и онлайн форматтағы музей жобаларының жұмысы:

- Ұрпақтардың жанды байланысы
- Туған қаланың көшелері
- «Теміртау – естегі суреттер»
- «Отбасымызбен музейге»
- «Қала көшелерін аралай...»
- «Музей бәріңіз үшін»- мүмкіндігі шектелген балаларға арналған бейімдеу бағдарламасы

2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы.

2020 жылғы барлық жұмыс, өзінде негізгі мақсаттар мен бағыттарды қамтыған 2019 жылдың соңында бекітілген ғылыми-жинақтау жұмыс жоспары бойынша құрастырылды. Пандемияға байланысты жұмыс жоспарын қайта қарастырып, жаңа форматқа ауысуға тура келді.

«Қала тарихы» залы

- Қаланың негізгі нысандарының құрылысы туралы фото - бейне материалдарды, қала тұрғындарының естеліктерін жинақтау
- ҚР Тәуелсіздік жылдарындағы емдеу мекемелерінің құрылу тарихы туралы материалдарды жинақтау.
- Теміртау қаласының Құрметті азаматы Н.Вахитова туралы материал жинау және буклет шығару.
- Теміртау қаласының жастар секторының жұмысы бойынша материалдарды жинау және жинақтау.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қаланың дамуына үлес қосқан тұлғалар бойынша «Теміртаудың 100 тұлғасы» бөліміне материал жинақтау.

«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы

- Теміртау қаласының заманауи өндірістік кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- «Бизнестің жол картасы» және ҚИИД Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушы орта және кіші бизнесінің кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- ҚР Тәуелсіздігі жылдарында Теміртау қаласының келбеті қаншалықты өзгергенін бейнелейтін құжат және фото материалдарын жинау.
- Теміртау қаласында мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы.
- Алғыс күніне арнайы қуғын-сүргінге ұшыраған кәріс халқы туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастыру.
- Тәуелсіздік күніне арнайы материал жинақтап, іс-шара ұйымдастыру.

Еске алу залы

- ҰОС ардагерлері және Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер туралы материалдарды топтау.
- Теміртау қаласының қорғаныс Департаментімен бірлесе отырып, ардагерлердің майдан жолын, марапаттарын, естеліктерін, қолда бар ақпараттарды өңдеу.

Нумизматика залы

- Экспозиция бөлімдері бойынша экспонаттар жинақтау және сатып алу.
- Айырбастау қорына монеталар мен бондар жинау (жыл бойы).
- Теміртау қаласының банк жүйесі. Бөлімін жаңартып, материалдар жинау.

Табиғат залы

- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арнап «Музей қалашығы» атты іс-шара ұйымдастыру.
- Экспозицияның ақпараттық материалы толықтырылды.

Археология залы

- Ерте қола дәуірі пештерінің макеттері бойынша экспозицияны толықтыру.
- Тас еңбек құралдары, «Үңгір адамының» киімі интерактивті аймақты құрастыру.

Этнография залы

- Қазақ ұлттық костюмі туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастыру

- Костюмдерді зерттеу, тігу.
- «Қуыршақтар көрінісі» жобасының аясында
 - Қуыршақтарды ойластырып, тігу.

Көрме залы

- Теміртау суретшілерінің «Т- АРТ» клубының жұмысы
- Өткізілетін көрмелер бойынша буклеттер мен каталогтар жасау
- Өнер шығармаларын жинақтау: картиналар, мүсіндер, сәндік қол-өнер заттары, (жыл бойы).
- Өнер туындыларының қор коллекциясының каталогын жасау.

3. Ғылыми – экспозициялық жұмыс

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихына, туған өлке тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, патриоттық және эстетикалық тәрбиеге бағытталды. Музей тұрақты экспозицияны жинақтаумен қатар, өз қорының негізінде және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың жинағы негізінде уақытша экспозицияларды құруды жалғастырды. Ғылыми – зерттеу жұмысының материалдарын қолдана отырып, есеп беру кезеңінде ғылыми құраммен жаңа тақырыптар зерттеліп, ескі экспозициялық тақырыптар жаңа деректермен толықтырылды.

2020 жылдың 17 қаңтарында Татьяна Ромашихинаның "Алиса ғажайыптар елінде" атты жеке коллекциясының көрмесі ашылды.

Биылғы жылы ағылшын математигі Льюис Кэрролл "Алиса в Стране чудес" кітабының жарыққа шыққанына 155 жыл толды.

Осы бір ғана туындыға арналған коллекцияны Татьяна Ромашихина 10 жыл бойы жинаған. Музейде алғаш рет бір кітапқа арналған коллекция ұсынылды.

Онда 100-ден астам зат бар. Ең құндысы кітаптар-бұл Қазақстанда, Ресейде, Қытайда шығарылған кітаптар. Олардың арасында ағылшын және орыс тілдерінде бірегей интерактивті кітапшалар, бүктемелі кітапшалар бар. Кітаптың мерейтойына арнайы шығарылған күміс, сапасы Proof естелік медальдар мен эксклюзивті қолдан жасалған сөмкелер, керамикалық бұйымдар, құмыралар, мүсіншелер, қуыршақтар да бар.

Коллекцияның ерекшелігі - онда иесінің қолымен жасалған заттардың баршылығы. Әсіресе, тиісті тақырыпқа безендірілген жиһаз, сондай-ақ суреттер, кестелер, сәндік бөтелкелер ерекше көзге түседі.

2020 жылдың 30 қаңтарында Қазақстандағы Россотрудничество өкілдігімен дайындалған, Сергей Ларенковтың (Санкт-Петербург), ҰОС Жеңісінің 75 жылдығына арналған "Блокадалық альбом" бірегей фотожобасы ұсынылды.

Көрме мерейтойлық күнге арналған іс-шаралардың ішінде біріншісі болды. Ол Ұлы Отан соғысы тарихындағы қайғылы оқиғалар туралы баяндайды.

Экспозицияға 47 фотоколлаж кірді: қазіргі Санкт-Петербургтің суреттері қоршаудағы Ленинград фотосуреттерімен зор шеберлікпен үйлестірілген. Көрмеде ұсынылған жұмыстар соғыс жылдарының тарихи суреттерін қазіргі замандағы фотосуреттерге сол нүктеде сол қырында салу арқасында жасалған. Соғыс кезіндегі фотосуреттерді Сергей музейлер мен мұрағаттардан жинап, авторлардан оларды пайдалануға рұқсат алған.

2020 жылдың 7 ақпанында Теміртау қаласының 75 жылдығына, Қарағанды металлургия комбинатының 60 жылдығына және Қарағанды облысындағы «Қазақфильм» күндерінің аясында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Қазақстан кинохроникасы таспаларындағы Теміртау тарихы» атты көшпелі экспозиция ашты.

Тарихи оқиғаны бейнелейтін экспозицияның әрбір бөлімі Теміртау өлкетану музейінің қорында сақталған киноленталарды пайдалану арқылы ресімделген. Ленталар музей қорына, «Қазақфильммен» белсенді жұмыс істеген, «Казметаллургстрой» трестінің әуесқойлық киностудиясынан келіп түскен.

Металлургия қаласының қалыптасуындағы маңызды оқиғалар 60 жылдан астам уақыт бойы «Қазақфильм» киностудиясының назарында. «Кеңестік Қазақстан», «Біздің Магнитка», киножурналдары, Теміртаудың болат балқытушылары мен құрылысшылары туралы деректі бейне-фильмдер, Республикамыздың болашақ президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы сұхбаты жазылған «Металдың әсерлі түсі» атты тарихи таспа Теміртау және Қарағанды металлургия комбинатының тарихын зерттеуде негіз болды.

Экспозицияға Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының президенті, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Арман Асенов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Рүстем Әбдірашов, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының басқарушы директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қанат Төребай, Қазақстан кинематографистер одағының төрағасы, кинорежиссер Ермек Тұрсынов, документалист-режиссерлер Олег Белялов пен Алексей Каменский, актерлер Мұрат Мұқажанов пен Айдос Бектеміров, Тұңғыш Президенттің серіктертестері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

2020 жылдың 13 ақпанында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуының 31 жылдығына арналған «Ауған бұрылысы» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозиция Кеңес әскерлерінің қарулы қақтығысқа қатысу ерекшеліктері мен хроникасы туралы баяндайтын бес бөлімнен тұрады. Оқиға сол дәуірдің ресми құжаттары мен интернационалист жауынгерлердің жеке естеліктері негізінде ұсынылған. Әрбір бөлім музей қорында сақталатын бірегей жәдігерлермен толықтырылған: Ауғанстаннан келген хаттар, біздің жерлестеріміздің құжаттары, 1970-80 жж. Кеңес Армиясына тән әскери жабдықтар, моджахедтердің парақшалары мен куәліктері, дари мен пушту тілдерінің сөздіктері және т. б. Экспозицияның бір бөлімі - жауынгерлердің демалыс орнын бейнелейді – қолдан жасалған ағаш үстелде 1980 жылдарда бос уақытта пайдаланылған заттар қойылған: шахмат, газеттер және тағы басқа заттар.

Көрменің бір бөлігі интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан теміртаулықтарға, сондай-ақ Теміртау қаласында оларды еске алу құрметіне арналған. Экспозиция Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Теміртау бірлестігінің қолдауымен құрылды.

«Алжир», «Вера», «Земля обетованная» фильмдерінен үзінділер пайдаланылды.

2020 жылдың 21 ақпанында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Евгения Казакованың «Тыныштықта 12 жыл» атты жеке көрмесі ашылды.

Қарағандылық суретші Теміртау қаласында алғаш рет өз жұмыстарын ұсынды. Елуден астам майлы бояу және акрилмен жазылған туындыларды қарағандылық суретші соңғы екі жылда жасаған.

Көрмеге келушілер картиналарды қызығушылықпен қарады, өйткені сюрреалистік композицияларды вернисаждарда жиі көре бермейсің.

Суретші осы бағытта бұрыннан бері, Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың көркем графика факультетінің студенті болған кезден бастап жұмыс істеген. Осылайша, ол өзінің эмоцияларын, әсерлерін, өмір туралы ой-пікірлерін жеткізуге тырысады. Мүмкін, сондықтан әрбір суретте адамның эмоционалдық күйіндегі бейнесі бар. Шын мәнінде, бұл автордың көрерменмен әңгімесі.

Көрмеге қала суретшілері, зиялы қауым өкілдері, БАҚ өкілдері қатысты.

22 ақпанда «Ай жәдігері» жобасы аясында «Ресей империясы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің киім элементтері»экспозициясының ашылуы өтті.

Ресей империясы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мундирінің белдігіне арналған айылбас және түйме, XIX ғ. соңы - XX ғ. басы.

Белдікке арналған айылбас сары мыстан (жезден) жасалған. Бет жағында Ресей империясының Кіші елтаңбасы бейнеленген мөртабан. Сырт жағында-белдікке бекітуге арналған қапсырма және темір тілекше бар.

Ресей империясының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген алғашқы айылбастар 1834 жылы шығарылып, біртіндеп барлық әскери бөлімшелерге енгізілді. Ұсынылған айылбастар 1907 жылдан бастап барлық әскери бөлімдерде пайдаланылды. Революцияға дейінгі Ресейде айылбасы бар белдіктерді әскери, шенеуніктер мен студенттер тағып жүрді. Айылбас арқылы адамның мәртебесін анықтауға болатын.

Айылбасы бар белдіктердің қару ретінде қолданылуы мүмкін. Айылбастың шеттерін қайрап, өткірлеп қоян-қолтық ұрысқа дайындаған.

Ресей империясы Қарулы Күштері офицерінің погонының немесе мундирінің түймесі жалатпалы темірден жасалған. Алтындатып, қалайыланған. Аверсінде - Ресей империясының Кіші елтаңбасы бейнеленген мөртабан, реверсінде – «Мәскеу. 3 сорт» деген жазу бар.

Түймелер мундирді тағу үшін ғана емес, сондай-ақ мерекелік кашемирден немесе шұғадан тігілген кеудешелерді тағу үшін де қолданылды. Кеудешенің түсі мен матасы шенге және әскер түріне байланысты болған. Сонымен қатар, кеудеше, бір қарағанда корсет кигендей, адамның дене бітімін сымбатты етіп көрсеткен.

Бастапқыда түйме жеңдердің шетіне сұлулық үшін ғана емес, мундирдің тазалығын сақтау үшін де тігілген деген нұсқа бар. Түймелер тамақ ішкеннен кейін аузын жеңмен сүртуге мүмкіндік бермейді.

Ресей империясында 1814 жылдан 1917 жылға дейін түймелер жасайтын 100-ге жуық кәсіпорын жұмыс істеді.

Екі жәдігер де Николай II (1894-1917 жж.) патшалық еткен кезде қолданылған. 1917 жылдың қазан революциясынан кейін патша символикасы бар бұйымдарды кию өмірге қауіп төндірді. Айылбастар мен түймелер жойыла бастады.

Қорға түсу көзі. Айылбас пен түймелерді 1959 жылы Теміртау қаласына комсомолдық жолдамамен келген Виталий Михайлович Бондаренко музей қорына тапсырды. Ол «Доменстрой», «Агрострой» басқармаларының монтажшысы болып жұмыс істеді. Монеталарды, патрондарды коллекциялаумен айналысқан. 1984 жылы Теміртау музейінде В. М. Бондаренко коллекциясының көрмесі өтті. Экспозицияның ашылуына қала тұрғындары мен БАҚ өкілдері қатысты.

2020 жылдың 5 наурызында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Тарихтағы әйелдің рөлі» жобасы аясында Халықаралық әйелдер күніне орай «#әйелдерсөйлейді» инсталляциясының ашылуы өтті.

Техникалық прогресс әйелдің өмірін қаншалықты өзгертсе де, олардың әңгімелерінің тақырыптары 50 немесе 100 жыл бұрынғыдай қалады: үй қамы, балалары, сүйікті ерлері. Егер бұрын әйелдер пошта арқылы хат жіберіп, концерттер мен қызығушылықтары бойынша клубтарда кездескен болса, қазіргі әлемде осының бәрін «ақылды телефон» алмастырды.

Музейлік инсталляцияда әйелдердің виртуалды әңгімелері интернет-қосымшалардың логотипі бар алып смартфондар түрінде ұсынылған.

Әдеттегі таңбашалардың артында уақыт өте келе заманауи интернет – қолданбаларға айналған заттар орналастырылған. Қазіргі іздеу жүйелері-бұрын энциклопедиялар, мерзімді басылымдар және кітапханалар болды ; мессенджерлер -

пошта жөнелтілімдері; органайзерлер – қабырға күнтізбелері және қолжазба кітапшалары және т.б. болды .

Инсталляцияның мәні тек смартфондар тарихында емес, бұл гаджеттің әйелдердің өмірін басып алғандығы туралы. Жақындарымен нақты қарым-қатынас орнына, олар виртуалды әлемде көп уақыт өткізеді.

XX ғасырдың бұл трагедиясын өрмекшінің торы мен құрғақ жапырақтар басып қалған екі бос орындық бейнелейді. Орындықтардың жоғары жағында - әйелдерге махаббат пен қолдау сөзін алмастырған екі смайликті көруге болады.

Инсталляция тақырыбы заманауи келбетті тарихи заттармен: 1950 жылдардағы карболит телефондарымен, микрофиштердегі энциклопедиямен, көне фотоальбомдармен және тіпті қадам өлшегішпен үйлестіруге мүмкіндік берді.

6 наурыз күні Темірау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында **«Красная Москва» әтірі** экспозициясының ашылуы өтті.

Қала тұрғындарының назарына XX ғасырдың 80-ші жылдарының басында КСРО-да шығарылған әйгілі «Красная Москва» әтірі ұсынылды. Жәдігердің сақталуы тамаша –орамасы бүлінбеген және құтысы әтірге толы.

Хош иістің бірінші нұсқасы 1913 жылы «Брокер и Ко» фабрикасында пайда болды . Хош иісті Романовтар патшалығының 300-жылдығына орай, императрица Мария Федоровнаға арнап, парфюмер Август Мишель жасаған.

1917 жылдың қазан революциясынан кейін, 1925 жылы, «Красная Москва» деген атаумен «Новая заря» фабрикасында хош иістің өндірісі қайта жаңартылды.

Түсу көзі: «Красная Москва» әтірін музей қорына Теміртау қаласының тұрғыны Степанова Валентина тапсырды. Әтір «Магнитка» дүкенінің парфюмерлік бөлімінде 1980 жылдардың ортасында 5 рубль 30 тиынға сатып алынған.

«Ай жәдігері» экспозициясының ашылу салтанатына қала тұрғындары мен қалалық БАҚ өкілдері қатысты.

2020 жылдың 12 наурызында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Теміртау қаласының волонтерлар қозғалысының көшбасшыларымен **«Теміртау волонтерлар лигасы»** атты кездесу өтті.

Кездесу Қазақстандағы волонтерлар жылына орайластырылды.

Әр орталықтың жұмысы туралы – құжаттар, фотосуреттер, дипломдар, киім үлгілері туралы баяндайтын материалдар «Жақсылық жасаушылар» экспозициясында көрнекі түрде көрсетілген .

Кездесу диалог алаңы форматында өтті, онда волонтерлік орталықтардың жетекшілері мен белсенділері сөз сөйлеп, іс-шараға қатысқан мектеп оқушыларының сұрақтарына жауап берді.

2020 жылдың 16 маусымында «Музейлік бұрмалау» атты провокациялық көрме ашылды. Тұсаукесер бұқаралық ақпарат құралдарын шақырумен тікелей эфирде өтті.

Көрменің көркемдік безендірілуінің өзі провокация. Музей қорынан алынған 28 экспонат барлық экспозициялық алаң бойынша ретсіз орналасқан және сары шаршыларда ерекше көрсетілген. Бұл нақты тарихы бар шынайы заттар. Оларға тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы 28 ақпараттық блок қоса беріледі.

Провокация этикетажда жатыр. Бұл жерде әңгіме тарихи ақиқатты ауыстыру және ақпарат пен жәдігердің сәйкессіздігі туралы болып отыр. Бірақ бұл әрдайым болмайды!

Көрменің тұжырымдамасы мынада, келуші бір жәдігерден екіншісіне өз бетінше жылжып, қай жерде шындық, ал қай жерде жалған екенін анықтау керек. Әтірді қызыл сигнал шеңберлері арқылы белгілеуге болады.

Соңында әркім музей перфокартасының арқасында өз жорамалдарын тексере алады.

2020 жылдың 16 шілдесінде Metallургтер күніне арналған «Айдың жәдігері» экспозициясының ашылуы өтті. 1940-шы жылдардағы болат қорытушының қорғаныс көзілдірігі айдың жәдігері атанды.

Мұндай қорғаныс көзілдіріктер арқылы 1944 жылы Самарқанд кентінде іске қосылған Қазақ металлургия зауытының болат қорытушылары мартен пешінің терезесіне қараған.

Қорғаныс көзілдірігі қолдан жасалды. Текстолиттің екі пластинкасында көк кобальт шыны салынған көз тесіктері қиылды. Пластиналар мыс тойтармалармен қосылды. Мұндай көзілдіріктерді бас киімдерге арнайы қысқыштармен бекітті немесе қолмен ұстап тұрды.

Кобальт шыны көзді инфрақызыл сәуледен қорғау үшін қолданылады. Жарық сүзгілерін қарау әйнектері түрінде қорғаныш көзілдіріктерінде қолданады. Қорғаныш функцияларынан басқа, көк шыны қыздырылған беттердің жарықтық кереғарлығын нақты көрсетеді, бұл болат қорыту процесінің барысын бақылау кезінде ерекше рөл атқарады, пештің күмбезі мен қабырғасының жай-күйін, сондай-ақ балқытылған болатты және қожды бақылауға мүмкіндік береді. Жалынға кобальт әйнегі арқылы қарағанда, ол күлгін болып көрінеді, бірақ шынысыз жалын сары болып көрінеді. Шыны массасына кобальт оксидін қосу арқылы көк шыны жасалады.

Экспонатты музей қорына ҚазКСР-нің еңбек сіңірген металлургі - Иван Степанович Дюмин тапсырды. Ол прокаттау цехының бастығынан (1945-1954 жж.) Қазақ металлургия зауытының директорына дейін (1954-1965 жж.) еңбек жолын өтті.

6 тамызда Халықаралық альпинистер күніне «Ай жәдігері» экспозициясының ашылуы өтті.

Айдың жәдігері «трикони» тау бәтеңкесі болды.

Тау бәтеңкесін музейге «Магнит» туристер клубының мүшесі, ҚР туризм жөніндегі Еңбек сіңірген нұсқаушысы, «КСРО альпинисті» белгісінің иегері, саяхатшы, фотосуретші, «Меридиан» клуб мүшесі Ромашкин Шикап Кадирович тапсырды.

1969 жылы Ш. К. Ромашкин «Горельник» альпі лагерінде (Алматы қ.) тау туризмі бойынша нұсқаушылар курсы бітірді. Курсты үздік аяқтау құрметіне альпинизм нұсқаушыларын дайындайтын Қазақ мектебінің басшысы, альпинизм және тау туризмі бойынша спорт шебері, ҰОС жылдарындағы тау мергендері мектебінің негізін қалаушылардың бірі В.М. Зимин Ш. К. Ромашкинге осы бәтеңкені сыйға тартты.

Бұл бәтеңкемен таулы туристік бағыттар Памир, Іле Алатау, Прибайкалье мен Қиыр Шығыстың шыңдары бағындырылған.

Аяқ киімнің табанына қапсырмалармен бекітілген трикони – металл тістер спортшыға кез-келген рельефте: жартастарда, шөгінділерде, мұзда, дымқыл шөптерде тұруға мүмкіндік береді. Қажет болса, альпинистік мысықтар аяқ киімге қосымша бекітілді. Ылғалға төзімділікті арттыру үшін етіктерді қарамаймен немесе балық майымен майлаған.

Трикони бар аяқ киімнің маңызды кемшіліктері – бұл олардың ауыр салмағы (ұсынылып отырған бәтеңкенің өлшемі 36 – 1кг 900 гр.) және төмен температурада тез салқындауы, бұл спортшының аяқтарын тоңазытуы мүмкін.

Айта кету керек, КСРО-да туристер жабдықтарды тек жорық кезінде спорт клубы арқылы алды. Әр қатысушыға етік, дауылдық костюм және қолғап, көзілдірік, баулар, альпинистік мысық деп аталатын етіктің табанына бекітілетін темір тісті құрылғы, мұз ойғыш, қосымша жіп берілді. Нұсқаушы қоғамдық жабдықтарды алды: шатырлар, арқандар және т.б. Жеке жабдықты сатып алу мүмкін болмады, өйткені ол сауда желісінде сатылмады. Спортшылар өздері қолдан тігіп, жабдықтар жасады. Арнайы тау аяқ киімінің болмауы ерекше мәселе болды. Көбінесе мұздықтардан өту кезінде туристер альпинистік мысықтарды қарапайым аяқ киімдерге бекітті.

2020 жылдың 17 қыркүйегінен 30 қыркүйегіне дейін Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Еңбек күніне арналған «Мамандықтың бәрі маңызды» атты экспозиция ашылды.

Теміртау қаласы - республиканың ірі индустриялық орталығы. Қалада қара металлургия, химия, құрылыс, энергетика және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс істейді. Теміртау - Еңбек Даңқы қаласы. 1971 жылы Теміртау қаласы еңбектегі жетістіктері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Сондықтан экспозицияның орталық бөлігінде көрікші мен құрылысшының арнайы жұмыс киімдері көрсетілген.

Экспозиция теміртаулықтардың негізгі еңбек мамандықтарымен танысуға мүмкіндік береді. Әр мамандық белгілі бір затпен байланыстырылған. Біз келушілерге 32 жәдігерден тұратын экспозициялық қатардағы нақты бір заттың қандай мамандыққа жататынын анықтауды ұсынамыз.

Экспозицияның ашылуына 16 адам қатысты. Онлайн режимінде аудиториямен қамту 318 адамды құрады.

2020 жылдың 24 қыркүйегінде Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Қала тарихы суретшілер көзімен» атты көрменің ашылуы өтті.

Ол 1 қазанда атап өтілетін қаланың 75 жылдық мерейтойына ұйымдастырылды.

Көрмеде музейдің қор коллекциясынан 35 жұмыс көрсетілді.

Оның бірегейлігі - ұсынылған суреттердің арқасында келушілер өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі қаламыздың қандай болғанын көре алды.

Көптеген шығармаларды суретшілер пленэрде жазған және бұл олардың сюжеттерінің ақиқаттығының дәлелі.

Әрбір сурет - тарихтың бір бөлігі, бұл маңызды тарихи оқиға туралы әңгіме, бұл суретшінің өзі туралы әңгіме. Сондықтан, әр суретке қосымша ретінде Теміртау тарихындағы фактілер мен оқиғалардың шынайылығын растайтын қысқаша тарихи анықтама берілген.

Сурет авторларының ішінде тек теміртаулық суретшілер ғана емес, сонымен қатар қарағандылық тамаша кескіндемешілер, 1974 жылы көшпелі пленэрде жұмыс істеген, Қазақстан Магниткасына Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген акварельшілер тобы да бар.

Көрменің ашылуы қала суретшілері мен F. Жұбанова атындағы өнер мектебі оқушыларының қатысуымен офлайн форматында өтті.

2020 жылдың 6 қазанында Теміртау тарихи – өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында Рухани келісім күніне арналған «Құран-мұсылмандардың қасиетті кітабы» атты экспозиция ашылды.

Негізгі жәдігер - Құран. XX ғасырдың басында Қазан қаласында жарық көрген бұл Құран кітап араб тілінде жазылған және қасиетті болып табылады. Құранды қалалық мешіттің имамы музейге сыйға тартты.

Сондай-ақ экспозицияда Құранның қазақ және орыс тілдеріндегі мазмұнымен танысуға арналған кітаптар ұсынылды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Интернет кеңістігін пайдаланушылар Құран құрылымының, Құран аяттары мен сүрелері мазмұнының кейбір құпияларын біле алды.

2020 жылдың 12 қазанында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғау органдарының 25 жылдығына арналған «Өмір жолы – Non Stop» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозиция SIM-картаның жоқтығына, абоненттің теріс балансы немесе «қол жетімді емес» аймақта болғанына қарамастан әрбір адамға белгілі «112» жедел телефон нөмірімен біріктірілген 4 блоктан тұрады.

Бірінші бөлім азаматтық қорғаныстың құрылу тарихына арналған. Экспозицияның осы бөлігінде музей коллекциясындағы азаматтық қорғаныс органдарының қор фотосуреттері мен заттары көрсетілген.

Экспозицияның екінші блогы Теміртау қаласының өртке қарсы қызметінің тарихына арналған. Өрт сөндірушінің құрал-саймандары мен жабдықтары мамандықтың барлық қиындықтарын ашады. Өрт сөндірушінің міндеттері қосымша фото және бейне материалмен толықтырған.

Үшінші блок тарихы 1947 жылы басталған Теміртау қаласының суда құтқару қызметіне арналған. Экспозицияда ұсынылған сүңгуірлердің костюмдері мен жабдықтары ерекше қызығушылық тудырады.

Ашылу салтанатына Теміртау қаласының ТЖ басқармасының бастығы Алпысбаев Арман Сағынтайұлы, Теміртау қаласының құтқару бөлімшесінің басшысы Лыков Игорь Алексеевич, ТЖ басқармасының қызметкерлері және Теміртау қаласының БАҚ өкілдері қатысты.

Іс –шараның ашылуы «Instagram» әлеуметтік желісінің тікелей эфирінде өтті.

2020 жылдың 15 қазанында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Теміртау қаласындағы алғашқы балалар ауруханасының ашылғанына 70 жыл толуына орай «Балалар денсаулығын қорғауда» атты экспозиция ашылды.

Экспозиция Теміртау қаласындағы балалар педиатриялық қызметінің 1950 жылдан бүгінгі күнге дейінгі қалыптасуының негізгі кезеңдерін көрсетеді. Көрме бөлімдерінде Теміртау музейінің қорларынан алынған бірегей фото материалдар мен медициналық құрал-саймандардың үлгілері ұсынылған.

Теміртау қ.бірінші балалар ауруханасына арналған экспозицияға Қазақстандық салалық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының Қарағанды облыстық филиалының төрайымы А. А. Мадиярова, Теміртау қ. денсаулық сақтау кәсіподақ комитеттерінің төрағалары кеңесінің төрайымы Т. Г. Сахновская, Теміртау қ. көпсалалы ана мен бала орталығының директоры С. Ғ. Аманжолова, Теміртау қ. педиатрия қызметінің ардагерлері қатысып, жоғары деген баға берді.

2020 жылдың 9 қарашасында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында «Мамонттың азу тісі (кесіндісі)» экспозициясының ашылуы өтті.

Бұл жолы біз археологиялық коллекциядағы ең көне заттардың бірі - мамонттың азу тісінің кесіндісін ұсынуды жөн көрдік. Оның сақталу мерзімі 3 миллионнан 15-20 мың жылға дейін. 2014 жылы Березняки кентінің маңындағы бульдозер жұмыстары кезінде табылған.

Экспозицияда көрнекі эскиздер ұсынылған: азу тісінің кесіндісінің схемалық орналасуы және адам мен мамонттың бойының ұзындығының ара қатысы.

Ашылу әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Ғаламтор кеңістігінің пайдаланушылары бірегей жәдігер туралы толық біле алды, сұрақтар қойды және оларды қызықтыратын ақпаратты алды.

2020 жылдың 24 қарашасында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Суреттемелер» көрмесінің ашылуы өтті.

Көрмедегі барлық жұмыстарды көркем фотосурет біріктірді. Бұл негізінен Теміртауда және оның айналасында түсірілген табиғи көріністі бейнелейтін суреттер. Жұмыстардың авторлары – «Сплав» халық клубының танымал фотосуретшілері. Бірақ бірнеше ерекшеліктер де бар – бұл Ромашкин Шикап пен Хаято Мацумотоның суреттері.

Вернисажда ұсынылған жұмыстарды көрермендер тікелей эфирде көре алды. Интернет кеңістігін пайдаланушылар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, жұмыс авторларымен сөйлесе алды.

28 қарашада Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Есте қалған тарих» атты деректі ретроспективаның ашылуы өтті.

Ретроспектива Қазақстан Республикасының тарихындағы маңызды оқиғаларды – егемендікке ие болуды, Президенттің алғашқы демократиялық сайлауын, Тәуелсіздік туралы жариялауды бейнелейтін бірегей фото және құжаттық материалдарды ұсынады.

Мұрағаттық материалдың ерекшелігі оның өлкетану тұрғыдағы сипаты. Экспозицияда алғашқы сайлау қарсаңында шыққан газеттер, кандидат Н. Ә. Назарбаевтың сайлау алды бағдарламасы жазылған плакаттар, Теміртау қаласының тұрғындарына және Қарағанды металлургия комбинатының жұмыскерлеріне Н. Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау туралы насихат қағаздары және 1991 жылғы 1 желтоқсандағы алғашқы демократиялық сайлаудың сайлау бюллетені орын алды.

2020 жылдың 14 желтоқсанында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Instagram тікелей эфирінде «Үлкеннен кішіге» атты көрме-инсталляциясының ашылуы өтті.

Көрмеге Теміртау тарихи-өлкетану музейінің қорынан 30 суретшінің суреті және 30 жәдігер қойылды. Көрме стандартты емес форматта - жанасу инсталляциясы түрінде ұйымдастырылды.

Көрмелерде, әдетте, суреттерді қашықтан егжей-тегжейлі зерттей отырып, көреді, бірақ біз бұл іске басқа жақтан қарадық. Біз суреттермен қол тілдесімі арқылы жанасуға мүмкіндік бердік. Әр суреттің көркем бейнесінен бір зат алынып, жәдігер түрінде көрсетілді. Бұл жәдігерлер өздерінің дереккөздері – суреттерден алшақ қойылды, келушілерге суреттердегі сюжеттерге сәйкес жәдігерлердің орнын анықтап, көркемдік әділдікті орнату ұсынылды.

2020 жылдың 25 желтоқсанында «Музей ассоциациялары» жобасы аясында «Жылдың ¼» интерактивті инсталляциясы ашылды. Инсталляцияда бірнеше аймақ ұсынылды. «Үш ақ ат» аймағында музейдің ең ірі жәдігері – 1952 жылға дейін Теміртауда қысқы уақытта пайдаланылған шана көрсетілді. «Қарлы орман» аймағында музейдің қор жинағындағы қысқы ассоциацияларды қардай аппақ текшелерден көруге болады; Теміртаудың «Қысқы тарих» аймағында – күнтізбе парақшалары қала тарихындағы ең жарқын қысқы оқиғалар туралы баяндайды. «Қысқы қамба» аймағы қала тұрғындарының ең танымал қорларымен танысуға мүмкіндік береді. Ал «Қысқы ассоциациялар терезесі» аймағында музейге келушілер өздерінің қысқы ассоциацияларымен бөліседі.

2020 жылдың 25 желтоқсанында Е. Темиршаихованың «Ежелгі фелтинг өнері» атты жеке көрмесі ашылды. 47 зат жүнді өңдеу дәстүрінде ата-бабалармен байланысты айқын көрсетеді.

2020 жылдың қорытындысы:

Жасалған экспозициялар жоспарға сәйкес, үнемі жаңа материалдармен толықтырылып отырды, көркем шешуі мүмкіндігінше жаңартылды, жаңа тақырыптағы экспозициялар пайда болды. Бірақ пандемияға байланысты офлайн экспозициялардың саны 2019 жылмен салыстырғанда 35% - ға азайды.

4. Ғылыми - қор және есеп-сақтау жұмысы.

Есеп беру мерзімі ішінде музей қоры **354** экспонатқа толықтырылды. 2020 жылдың соңында экспонаттардың жалпы саны – **23 960**, оның ішінде **негізгі қор – 17 823, ғылыми-қосымша – 6137.**

Қорға келіп түскен құнды жәдігерлер:

1. Қой қырқуға арналған қайшы, ХХ ғасырдың басы.

XX ғасырдың басында «Carl Picard» фирмасы шығарған — жоғары сапалы металдардан құйма және пресс-қалыптарды өндіру бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылатын Carl August Picard (Германия) фирмасының ізашары, ұсталарға, қаңылтыршылар мен слесарьларға арналған құралдарды, соның ішінде балғалар мен қайшылардың барлық сұрыптарын жасап шығарды.

Музейге арнайы қоныс аударушылар отбасы тапсырды.

ГИК 17772/ КООФ 3057.



2. Е. Андреевский редакциялаған Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігі, 1891 жыл, II том А. «Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігі» (қысқаша БЕЭС) — 1890-1907 жылдары Ресей империясында Ф.А. Брокгауз — және. А. Ефронның (Петербург) Акционерлік баспа қоғамы шығарған орыс тіліндегі әмбебап энциклопедия.

ГИК 17717/ҚДФ 7144.



3. Қасқырдың терісі құлағымен, басымен және табанымен.

«Көшпенділер аңшылығы» бөлімінің «Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы» экспозициясын кеңейту үшін азаматша А. А. Бражановадан құлағы, басы және табаны бар қасқырдың иленген терісі сатып алынды.

ГИК 17701/ КООФ 3045.



4. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі фашистік Германия Қарулы Күштерінің газ маскасына арналған контейнері.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі фашистік Германия Қарулы Күштерінің газ маскасына арналған контейнер майдан даласынан табылды. Ұлы Отан соғысының ардагерлері музейге тапсырды.

ГИК 17764/ КООФ 3051.



5. Өрт сөндірушінің шлемі, 1950 ж.

Шлемді КСРО ІІМ өрт сөндіру күзетінің тапсырысы бойынша Орталық өртке қарсы күзет ғылыми-зерттеу институты әзірледі. 1961 жылдан бастап «М-103-61 типі» индексі бойынша өрт каскалары жетілдіруден кейін Мәскеу облысының Можайский түзеу-еңбек колониясында жаппай өндіріле бастады. Мұндай шлем 1973 жылға дейін шығарылды, содан кейін олар пластикті қолдана бастады. Музейге Теміртау қаласының тұрғыны Степанов Д. В сыйға тартты.

ГИК 17785/КООФ 3062.



6. Вена орындығы, ХХ ғасырдың басы.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында «Jacob & Josef Kohn» Акц. қоғамы патшалық Ресейге иілген Вена жиһазының бір жарым мыңға жуық моделін жеткізіп отырды. 1864 жылы Патшалық Ресейде JOHANN KOHN & RADOM департаменті құрылды, ол «Johann Kohn & Radom» деген жазуы бар және 1917 жылға дейін фирманың таңбасы бар Вена жиһазын шығарды. Музейге Е. Н. Аксенов тапсырды.

ГИК 17803/КООФ 3064.



7. Шабата, ХХ ғасырдың басы.

Шабата жөкенің ұзын жолақтарын тоқу арқылы жасалған. Ресей Федерациясының Горький облысы Уткино деревнясынан табылған. Музейге Теміртау қаласының тұрғыны И. А. Базарбаева тапсырды.

ГИК 17782/КООФ 3059.



Қорларды ғылыми жинақтау мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

- қала тұрғындары мен қонақтарынан музей заттарын, кітаптарды, фотоқұжаттық материалдарды қабылдау;
- мұражайдың ғылыми қызметкерлерінің қалалық және облыстық мұрағаттарындағы жұмыстары;
- тарихи және өмірбаяндық сипаттағы материалдарды жинау,
- Теміртау қаласының қалыптасу кезеңдерін бейнелейтін;
- жеке заттар мен коллекцияларды сатып алу.

Көрмелерде және басқа да жұмыстарда қолданылатын негізгі және ғылыми қосымша қор экспонаттарының саны – **10420**. Музей жұмысын насихаттау мақсатында экспонаттарды жинақтау және жинақтарды іріктеу үшін Теміртау музейінің жинақтарының тізімі құрылды.

Негізгі қор цифрлі жүйеге енгізілді. Электронды тасымалдағышқа **7980** экспонат енгізілді. Жаңартуды талап ететін – **70** экспонат, жаңартылғаны - **136**. Жыл бойы жаңартылған экспонаттар көркем өнер, документалды және фото қорларына жатады.

Ай сайын қор қоймасын тазалау шаралары өткізіледі. Экспонаттарды құрғату және желпу бас қор сақтаушының белгілеген кестесіне сай орындалады

Қор қоймасы бірінші қабатта орналасқан. Бөлме екі есікпен жабдықтандырылған: темір және металл шыбықтан, терезесі металлмен жабылған және тор орнатылған. Жол картасы бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары кезінде терезелер бекітілді. Көлемді экспонаттар металл стеллаждарда сақталады, нумизматика қоры – оргшыныдан жасалған кассеталарда немесе бөлінетіні бар қағаз конвертте, киімдер ілгіште ілулі бетінде. Қымбат металлдан жасалған заттар металл сейфте сақталады.

2020 жылы құжат қорына арнайы шкафтар алынды.

Қор қоймасының жағдайын жақсарту үшін стационарлық күзетті сигнализация орнату қажет, реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткішті орнына келтіру керек. Қор экспонаттарының жағдайы – қанағаттандырырлық. Қор қоймасындағы жабдықтар нормаға сәйкес келмейді. Экспонаттарды сатып алуға, металл шкафтар орнатуға мақсатты қаржыландыру қажет.

5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.

Есеп беру кезеңі аралығында мұражайда **11 ашық іс – шара** өткізілді. Олардың жартысы ірі қалалық көрме болса, жартысы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналды.

2020 жылдың 24 қаңтарында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде "Музейдегі түн" акциясы өтті.

Төрт сағат ішінде қонақтар **Қысқы ойындардың** қатысушысы болды:

- келушілер шоколад дүкеніне барып, онда раритетті музей жәдігерін тауып, шоколад кәмпітіне ие болды;
- түрлі халықтардың тәттілері мен тағамдарымен дәстүрлі шәй ішілді;
- Қамбада болып қыста жертөлелерде қазақтар, орыстар, украиндар, өзбектер, кәрістер не сақтағанын білді;
- 60-шы жылдардағы бөлмеге қонаққа кіріп, қожайындарымен музей лотосын ойнады;
- әркім сиқырлы ормандағы шыршада өз суретін қалдырды;
- Ертегідегі Алиса барлығын "Ғажайыптар елінде" қарсы алып, бір кітаппен әуестенудің нәтижесінде жиналған жеке коллекциядан бірегей, раритетті заттарды көрсетті;
- қонақтар кәсіби шаржист және портретист Юрий Пильтихинмен кездесті;
- ең батыл келушілер қар шайқасына қатысып, твистер ойнап, кедергілер жолағынан өтті.

Бұл орасан зор музей оқиғасына 1240-тан астам адам келді.

2020 жылдың 17 қаңтарынан 15 ақпанына дейін Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуының 31 жылдығына арналған «Ауғанстан. Жерлестер туралы естеліктер» атты халықаралық конференция өтті.

Жоба Instagram Facebook, Одноклассники, ВК, Instagram әлеуметтік желілерінде және музей сайтында жұмыс істеді.

«Еске алу акциясы» форматы арқылы әлеуметтік желі қолданушыларына Ауғанстанда әскери қызмет кезінде қаза тапқан әрбір теміртаулық азаматтың жауынгерлік жолы туралы мұрағаттық құжаттар, қордағы фотосуреттер және ақпараттық блоктар ұсынылды.

Жоба Facebook Instagram желісінде 5000 мыңнан астам пайдаланушыны қамтыды, 800-ден астам адам ВК-да бейнехрониканы көрді, «Одноклассники» желісінде 20000-нан астам рет қаралды, 1000-нан астам рет Instagram желісінде қаралды.

2020 жылдың 18 ақпанында Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» «Тарихи лабиринт» музейлік зияткерлік клубын ұйымдастырды. Клуб аясында «Алтын Орда кезеңінде және қазіргі кезеңде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы» тақырыбы бойынша 6 ойынның бірінші кезеңі басталды.

Ойын 4 раундта өтті. Бірінші кезең «Алтын Орда кезеңіндегі тарихи оқиғалар» тақырыбы бойынша тест түрінде өтті. Екінші раунд Алтын Орданың тарихи тұлғалары бойынша энциклопедиялық блиц-сұрау түрінде өтті. Үшінші раундта этнографиялық қор заттарын пайдалана отырып, қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы сұрақтар болды. Қорытынды раундта қатысушылар Алтын Орда дәуіріндегі ақша айналымы тақырыбына зияткерлік шабуыл жасады. Бұл тапсырманы орындауға музейдің нумизматикалық коллекциясынан ескі монеталар көмектесті.

Ойын барысында мультимедиялық панель және этнографиялық қамшы түрінде заманауи техникалық безендіру қолданылды. Зияткерлік сайыс түрлі эмоциялар тудырды.

Қалған қатысушыларды алда іріктеу, содан кейін қорытынды тур күтіп тұр, олар 2020 жылдың сәуір айының басында аяқталады. Бірнеше ойындардың қорытындысы бойынша Теміртау музейі кубогының иегері атанатын жеңімпаз анықталады.

2020 жылдың 28 ақпанында Алғыс күніне және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толуына орай «Ана - жер ана» атты іс-шара өтті.

